

Қазақстан Республикасы Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің сыртқы сарапшылар комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің сыртқы сарапшылар комиссиясы туралы (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1385 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарын аккредиттеу қағидаларына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 5 наурыздағы № 109 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын аккредиттеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әзірленген.

2. Ереже білім беру ұйымдарын (институционалдық) және жекелеген білім беру бағдарламаларын (мамандандырылған) аккредиттеуді өткізу үшін сыртқы сарапшылар комиссияларын (бұдан әрі – ССК) қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

3. ССК-ны Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (бұдан әрі – АРТА) АРТА-ның қолданыстағы стандарттары мен өлшемшарттарына білім беру ұйымы қызметінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін құрады.

4. ССК жұмысының негізгі міндеттері:

1) білім беру ұйымының және/немесе білім беру бағдарламасының өзін өзі бағалауы нәтижелерін толық және шынайы бағалау;

2) білім беру ұйымдары қызметінің сапасын сыртқы бақылау бойынша АРТА стандарттарымен сәйкестігіне аудит жүргізу;

3) АРТА стандарттарына сәйкестігіне білім беру ұйымы аудитінің қорытындысы бойынша есеп құрастыру;

4) білім беру ұйымының қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау;

5) білім беру ұйымының және/немесе білім беру бағдарламасының институционалдық/мамандандырылған аккредиттеуге дайындық деңгейіне сәйкес АРТА-ның Аккредиттеу кеңесіне (бұдан әрі – АК) ұсынымдар дайындау болып табылады.

5. ССК мүшелері аудит шеңберінде АРТА сыртқы сарапшысының Этикалық нормалар кодексін сақтайды.

6. ССК-ның қызметін ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді АРТА жүзеге асырады.

7. ССК-ның жұмысын АРТА-дан бақылаушы ұйымдастырады және үйлестіреді.

8. ССК мүшелерінің еңбекақысын төлеуді қызметтер көрсету туралы шарттың негізінде АРТА жүзеге асырады.

9. АРТА сарапшылар үшін кезеңмен оқыту семинарларын ұйымдастырады. Сарапшыларға арналған оқыту семинарларын өткізуге арналған шығыстарды төлеуді АРТА жүзеге асырады.

2. Сыртқы сарапшылар комиссияларын ұйымдастыру тәртібі және олардың қызметінің негізгі бағыттары

10. ССК әрбір аккредиттелетін білім беру ұйымында қызметтің бағыттарын және ұсынылатын білім беру қызметтерін ескере отырып құрылады. ССК құрамы директордың бұйрығымен бекітіледі. Агенттік аккредиттелетін білім беру ұйымындағы білім беру бағдарламаларының санын ескере отырып, ССК мүшелерінің жалпы санын белгілейді, сондай-ақ ССК дербес құрамын айқындайды. ССК құрамына өзгерістер мен толықтырулар АРТА директорының бұйрығымен енгізіледі.

11. ССК АРТА-ның білім беру саласындағы сертификатталған сарапшыларының, сертификатталған жұмыс берушілер мен білім алушылардың санынан құрылады.

11.1. ССК құрамына бір ұйымның екі өкілінен артық енгізілмейді.

11.2. Институционалдық аккредиттеуді өткізу кезінде ССК сарапшыларының саны 6-7 адамды құрайды.

11.3. Мамандандырылған аккредиттеуді өткізу кезінде ССК сарапшыларының саны аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының санына байланысты.

12. ССК құрамында:

1) білім беру ұйымында жұмыс тәжірибесі бар академиялық қоғамдастықтың қатарынан ССК төрағасы – сарапшыдан (оқытушы, білім беру ұйымының ӘБП қатарынан менеджер);

2) қызмет немесе мүдделер саласы біліммен және ғылыммен байланысты қоғамдық және кәсіби органдардың мүддесін білдіретін ұлттық академиялық сарапшылардан (ұйымдар, қорлар, қауымдастықтар);

3) АРТА-ның және/немесе шетелдік аккредиттелген серіктес агенттіктердің сарапшылар базасына енгізілген сарапшылардың қатарынан номинацияланатын шетелдік сарапшылардан;

4) жұмыс берушілердің қатарынан сарапшыдан – кәсіпорындардың/ұйымдардың басшысы/қызметкері, кәсіптік қауымдастықтың және/немесе қоғамдастықтың, бейіндік ведомстволардың не жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілінен;

5) студенттер (білім алушылар) қатарынан сарапшыдан – аккредиттелетіннен басқа, білім беру ұйымы не студенттік ұйымдар және одақтар номинациялаған жоғары курс студенті, магистрант, PhD докторантынан тұрады.

13. Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін:

- білім беру ұйымының қызметкерлері үшін өзіндік бағалау жөніндегі есепті дайындау бойынша семинар-тренинг өткізген АРТА сарапшысы және қызметкері осы білім беру ұйымына ССК құрамына енгізіле алмайды;

- АРТА ССК-ның сапарына дейін 10 жұмыс күні бұрын ССК-ның қалыптастырылған құрамымен келісу үшін білім беру ұйымына жібереді.

13.1. Білім беру ұйымы мүдделер қақтығысын болдырмау үшін қандай да бір кандидатураға қарсылық білдіруге құқылы. Білім беру ұйымының тарапынан ССК мүшесіне (мүшелеріне) қарсылық білдірілген жағдайда, осы ұйымның басшысы АРТА-ға негіздемемен хат жолдайды. АРТА осы хатты қарап, қажет болғанда сарапшыны ауыстыруы мүмкін;

13.2. ССК-ның әрбір номинацияланған сарапшысы Мүдделер қақтығысының болмауы және құпиялылық туралы арыз-міндеттемеге қол қояды.

14. Сыртқы сарапшыларды сертификаттау белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) АРТА-ға арыздың негізінде ерікті түрде жүргізіледі.

Сертификаттау институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өткізудің әдіснамасында және технологиясында сыртқы сарапшының құзыреттілігін растайды.

15. Сарапшыларды сертификаттау сыртқы сарапшыларды дайындау жөніндегі АРТА-ның оқыту семинарларын өткізудің қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

16. Семинардың нәтижелері бойынша сарапшыға белгіленген үлгідегі (2-қосымша) сертификаттау туралы куәлік (сертификат) беріледі.

Сертификатты АРТА сертификаттарды тіркеу журналына тіркейді.

17. Сертификаттың жарамдылық мерзімі – 5 жыл. Сертификат жоғалған/бүлінген жағдайда сарапшының арызы бойынша сертификаттың телнұсқасы беріледі.

18. Сыртқы сарапшының қызметінде бұзушылықтар анықталған кезде, АРТА сарапшылар базасынан шығара отырып, сертификатты қайтарып алуға құқылы.

19. ССК өзінің қызметін жұмыс жоспарының негізінде жүзеге асырады. ССІ жұмыс жоспарының жобасын білім беру ұйымы әзірлейді, ССК төрағасымен келісіледі және АРТА-ның директоры бекітеді.

20. ССК ұсынымдары ашық дауыс беру арқылы дауыстардың басымдылығымен қабылданады.

21. ССК білім беру ұйымына баруды АРТА бекіткен сыртқы бағалау стандарттарына сәйкес екі-төрт жұмыс күнінің ішінде жүргізеді.

22. ССК білім беру ұйымына барғанға дейін өзіндік бағалау жөніндегі есепті зерделейді және рецензияны есеп беруге ұсынады.

23. ССК білім беру ұйымы қызметінің аудитін аяқтағаннан кейін білім беру ұйымының қызметін немесе білім беру бағдарламасын жақсарту жөніндегі негізделген ұсынымдармен және АРТА-ның АК үшін

қабылданған ұсынымдармен білім беру ұйымына барудың нәтижелері туралы есепті ұсынады.

24. Есепте АРТА-ның АК үшін ұсынымдардың біреуі қабылданады:

- 1) ЖОО-ны/білім беру бағдарламасын аккредиттеуді ұсыну;
- 2) ЖОО-ны/білім беру бағдарламасын аккредиттеуді ұсынбау.

25. Білім беру ұйымына барудың нәтижелері туралы есепті ССК сарапшылары жасайды, оған ССК төрағасы және мүшелері қол қояды.

26. ССК мүшелері өз құзыретінің шегінде аккредиттелетін білім беру ұйымының басшылығынан олардың алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарға, материалдарға немесе ақпаратқа, сондай-ақ білім беру ұйымының тиісті лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша түсініктерге сұрау салуға және алуға құқылы.

27. ССК төрағасы:

1) комиссияға басшылық етуді және жүктелген міндеттердің тиімді орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) аудиттің міндеттерін және сыртқы сарапшылар комиссиясы мүшелерінің өкілеттік көлемін айқындайды;

3) отырыстардың күн тәртібін белгілейді, кеңестер өткізеді және оларда төрағалық етеді. Комиссияның төрағасы болмағанда оның тапсырмасы бойынша комиссия мүшелерінің бірі төрағалық етеді;

4) АРТА стандарттарының және нұсқауларының талаптарына сәйкес ССК жұмысының сапасын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады;

5) ССК-ның білім беру ұйымындағы жұмысының қорытындысы бойынша АК алдында есеп береді.

28. ССК мүшелері:

1) әкімшілікпен, оқытушылармен, білім алушылармен, жұмыс берушілермен және түлектермен әңгімелер, сауалнамалар өткізуге, сұхбат алуға;

2) қажет болғанда ССК-ның құрамындағы өзінің жұмысы немесе жұмыстың жеке кезеңі туралы есеп немесе анықтама ұсынуға міндетті.

29. АРТА, сыртқы бақылаудың объективті болмауы, кімнің де болмасын мүдделерін білдіру, білім беру ұйымының тарапынан сыбайлас жемқорлық туралы ССК айыптаған жағдайда материалдарды өзінің қызметін Ережеге сәйкес жүзеге асыратын АК-ның жанындағы Апелляциялар және шағымдарды қарау жөніндегі комиссияға береді.